



ЛУДОМАНИЯ: ҚҰМАР ОЙЫННАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?



Жалындаған жастық шағында лудоманияның құрбаны болған кейіпкеріміз өмірінің қиын кезені туралы қаз-қалпында айтып берді. Ол өз оқиғасы арқылы адасқан адамдардың үміт отын қайта жағуға көмектесетініне сенімді.

Сәбит – Алматыға арман қуып келген ауылдың қарапайым баласы. (Өз келісімі бойынша кейіпкердің есімі өзгертілді). Ата-анасының тұңғышы, іні-қарындасына үлгілі аға. Жас кезінен оқуға зерек, білімге құштар болған ол үлкен қаланың студенті атанды.

ТУРАҚТЫ ОЙЫНШЫҒА АЙНАЛДЫМ...

Лудомания туралы естігенде, яки оқығанда, кейде баннерден жарнамасын көзің шалғанда казино мен миллиондаған ақшаның ойға келетіні рас. Ал Сәбит «мұның барлығы қарапайым ойыннан басталады» дейді.

– Ол сәтте небәрі 19 жастағы 2-курс студенті едім. Өзім тандап түскен мамандық болған соң сабақты құлшынып оқыдым. Жоғары шәкіртакыға ілініп,

жалдамалы пәтердің де ақысын өзім төледім, қаржылай мәселе деген мүлде болмады.

Әлі есімде, сабақтан шықтық, сағат кешкі 7-нің шамасы. Топтасымның Шымкенттен келген досымен бірге кофе ішіп, беймарал уақыт өткіздік. Екеуі «жұмыстармен бір жерге барамыз, бізбен бірге жүрсенші» деді. Мен де келісе кеттім. Автобуска мініп, қаланың сыртында орналасқан дүкенге бардық. Ол жер ойынның отаны екен. Ішінде жағалай автомат ойындар тұрды. Анық-қанығын білмей, шымкенттік танысыма ілесіп, топтасым үшеуіміз ойын ойнадық. Бір қарасаң зияны жоқ. Артық ақшаң да кетпейді. Міне, сол сәтте ойынға тәуелділігің басталған екен. 200 теңгем барып, екі мың теңге ұтқанымна қуанып, сол жердің тұрақты ойыншысына айналдым, – дейді кейіпкеріміз ағынан жарылып.

3-бетте



НҰРБОЛ АППАЗОВ: МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАТЕРЛІ ІСІКТІ ЕМДЕУГЕ ҚАУҚАРЛЫ ЖАҢА ҚОСЫЛЫСТАР АЛУ

Нұрбол Аппазов – есімі елге белгілі ғалым. Зерттеушінің жетекшілігімен күріш сабиынан биотыңайтқыш, целлюлоза алу, жантақтан дәрілік препарат дайындау, мұнаймен ластанған топырақты тазалау сынды маңызды жобалар атқарылды. Тіпті коронавирус тараған уақытта жаңа құрамдағы антисептикті өндіріске енгізді.

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың бас ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші профессор Нұрбол Аппазовтың тағы бір жобасы гранттық қаржыландыруға ие болды. Ғалымға хабарласып, зерттеу жұмыстарының ерекшелігі жайлы әңгімелестік.

– Нұрбол Орынбасарұлы, ғылыми зертханада зерттеу жүргізетін 5 ғалымның да гранттық қаржыға ие болғаны – үлкен жетістік. Жобалардың маңызы туралы айтып беріңізші... Бұл жұмыстар қанша уақытқа созылады? Нәтижесі қалай болмақ?

– Осы жылы университет ғалымдарының 9 жобасы гранттық қаржыға ие болды. Оның үшеуі жас ғалымдардың конкурсында, алтауы ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсында үздік деп танылды. Оның ішінде бесеуі инженерлік бейіндегі зертханада орындалады. Бесеуін де бастауға өзім себепкер болдым деп айта аламын.

Грант иеленген өз жобам туралы айтатын болсам, 7-азакумарин деген зат бар. 7-азакумарин негізіндегі қосылыстардан биологиялық белсенді заттар алынады. Ол – медицинада қолданылатын препараттар. Бұл зат бойынша дайындалған ісікке қарсы препарат қолданыста бар. Бірақ қазіргі уақытта химиялық терапияда қолданылатын ісікке қарсы препараттардың адам денсаулығына кері әсері жоғары. Байқасаңыз, соның әсерінен науқастың шашы түсіп қалады, өзге де жағдайлар туындайды.

5-бетте



ТРЕНДТЕГІ ТУЫНДЫЛАР

7



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Әне-міне дегенше жаз бітіп, уақыттың қалай өтіп кеткенін аңғармай қалдық. Екі аптадан соң мектептерде қоңырау соғылып, қызу өмір басталады. Оқуға түскен студенттер де жаңа өмірге қадам басқалы тұр. Қыркүйек жақындағаннан кез келген ата-ананың мақсаты – баласын мектепке толық дайындап, керек-жарағымен қамтамасыз ету болатыны белгілі. Студенттер де жаңа ортаға жаңа стильмен барғысы келетіні анық. Ал оқуға дайындықтың құны қанша?

2-бетте



АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛҢЫҢЫЗ

Бүгінде адамды алдаудың тың тәсілі белең алып, оның зардабын шеккендер көбейді. Жыл басынан бері 10 мың заңсыз әрекет анықталды. Қызылорда өңірінде 7 ай көлемінде

501 алаяқтық қылмыс тіркелген, десе де оның 245-і аяғына жетпей әшкере болды. Жалпы алаяқтықтың 40,2%-ы интернет арқылы жүзеге асқан.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда биыл танымал WhatsApp мессенджері және TikTok желілері арқылы жасалатын интернет алаяқтық жағдайлары өте жиі кездесе бастады. Зардап шеккендердің көбі 40 жастан жоғары адамдар, мүгедек жандар мен зейнеткерлер.

Жалпы алаяқтықтың формаларына көз жүгіртсек: әлеуметтік желілер және жалған СМС хабарлама жіберу,

жасанды интеллектіні қолданып, дауыс немесе бет-жүзін өзгерту арқылы хабарласу. Өзін құзырлы орган қызметкері ретінде таныстырып, өтірік айыптаулар тағып, бұл мәселені ақшамен шешуге болатынын айту арқылы да қаражатыңызды қолды етуі мүмкін. Олардың басты мақсаты – сіз білмейтін заңды айтып, психологиялық тұрғыда қыспаққа алу.

3



«ЖАСТАРМЕН БІРГЕ»: ОНКҮНДІК МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



12 тамыз – Халықаралық жастар күніне арналған «Жастармен бірге» атты онкүндік «OPEN AIR» жастар фестивалімен қорытындыланды.

Қазір елімізде жастар саясатына қатысты барлық мүмкіндік қарастырылған. Оның бір дәлелі – Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңға өзгерістер енгізіп, жастар санаты 35 жасқа дейін ұзартылды. Сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылды.

Бұл туралы халықаралық жастар күніне орай өткен мерекелік шарада облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов айтты.

Шарада облыс әкімінің орынбасары жастарды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Президенттің, Ұкіметтің, облыс әкімінің қолдауымен аймақ жастарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жобалар жүзеге асырылып келеді.

Қазір өзекті мәселелердің бірі – өңір жастарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін аймақта алғаш рет «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы» қабылданды.

Нәтижесінде жыл басында 60 жас отбасы қоныс тойын тойласа, жақын күндері 40 жас отбасыға пәтер кілттері табысталмақ.

Биыл білімді жастарымызды қолдау мақсатында дәстүрге айналған аймаққа қажетті мамандықтар бойынша облыс әкімінің 100 гранты тағайындалды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Шахмардан Байманов жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау,

олардың кәсіппен шұғылдануына қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында қаржылық қолдау бағдарламасы арқылы несиелік портфелі 3,7 млрд теңге болатын жас кәсіпкерлердің 130 жобасы субсидияланғанын атап өтті.

2,1 млрд теңгеге жас кәсіпкерлердің 115 жобасы бойынша кепілдік шарты жасалса, «Аграрлық несиелік корпорациясы» арқылы жас кәсіпкерлердің 48 жобасы қаржыландырылды.

100 мың жасты жұмыспен қамту тапсырмасына сәйкес биыл аймақта 6 мыңға жуық жас жұмыспен қамтылды.

– Бүгінде облыс көлемінде NEET санатындағы жастардың үлесін төмендетуге барынша күш-жігер жұмсалуда. Осы мақсатта арнайы Жол картасы қабылданды.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және мәдени-рухани дамуына барлық жағдай жасалуда.

Кейінгі екі жылдың өзінде көптеген әлеуметтік нысан бой көтерді.

Талантты жастарымызды қолдау мақсатында мың орындық «Өнер орталығы» салынса, қала және аудандарда 171 мәдениет үйі жанында «Адал адам» мәдени-рухани орталықтары өз жұмыстарын бастап кетті.

Осы игі бастамалардың жалғасы ретінде биылғы жылы 7 ауданда «Руханият» орталықтары, музыкалық колледж, инновациялық шығармашылық орталығы, «Оқушылар сарайының» құрылысы жүрде.

Жас отбасыларға отбасы құндылығын насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, «отбасы», «шаньрақ» ұғымының қадір-қасиетін түсіндіру мақсатында «Отбасы орталығы» және балауса бойжеткеннен ардақты асыл әжеге дейін бас қосатын тал бесік – тәрбие мектебіне айналған «Анаға тағзым орталығы» өз қызметін жүзеге асыруда.

Байрақты бәсекелерде көк тумызды желбіретер болашақ чемпион жастарымыз үшін заманауи 10 мың орындық стадион, үстел теннисі орталығының құрылысы басталса, алдағы уақытта көп функционалды «Қызылорда арена» кешенін салу жоспарлануда.

Жалпы былтырдың өзінде 9 спорт кешені қолданысқа беріліп, биыл 15 кешеннің құрылыс жұмыстары жүргізілмек.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірімізде 21 мектеп салынады. Осының барлығы жастарымыздың игіліктері үшін, – деді өз сөзінде облыс әкімінің орынбасары.

Мерекелік шара барысында Шахмардан Асқарұлы 4 жасқа ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, 10 жасқа облыс әкімінің алғыс хатын табыстап, «Тәуелсіздік ұрпақтары» облыстық сайысының 5 жеңімпазын марапаттады.

Биыл халықаралық жастар күні «Жастармен бірге» ұлттық онкүндік ретінде қала, аудандарда атап өтілуде.

Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналып, онкүндік аясында аймақта «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, спорттық шаралар, «Дені сау жас – ел болашағы» атты медициналық кеңес беру, «Адал азамат» бейресми кездесулері, «Игі істер марафоны» қайырымдылық акциясы, «Түнгі кітапхана», «Ziyatker quest» интеллектуалды сайысы, «Донор бол» акциясы, «Аспан синема» шарасы өтті.

Жалпы осы бағытта облыс бойынша 385 шара ұйымдастырылса, оған 50 мыңға жуық жас қамтылған.

«Жастармен бірге» атты онкүндіктің қорытынды шарасы ІІІІІ және Ваһа секілді еліміздің танымал өнер жұлдыздарының және белгілі шоумендер Нұрлыбек пен Ақылбектің қатысумен өтті.

«АЖ» ақпарат

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Сыр барысы» анықталды

Қазақ күресінен XV облыстық «Алтын белбеу» жарысы өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған спорттық жарыс ел-жұртқа ерекше көңіл-күй сыйлады. Балуандар бәсекесінде көрермен қауым әр салмақтағы белдесуден соң түйе палуандардың бәсекесіне куә болды.

12 спортшы бақ сынаған долада Айбек Серікбаев III орын иеленіп, «Сыр сұңқары» атанды. Еламан Ергалиев пен Мақсат Исағабайұлы ақтық сында бәсекеге түсіп, жеңісті Еламан Ергалиев өз қанжығасына байлады.

Осылайша «Алтын белбеу» жарысының қорытындысымен 2024 жылдың «Сыр барысы» атағын Еламан Ергалиев иеленді. Ал күміс жүлде иегері Мақсат Исағабайұлы «Сыр арланы» деп танылды. Аталған қос спортшы жуырда өтетін «Қазақстан барысы» додасында аймақ намысын қорғайды.

Мерекелік шара өтті

Халықаралық жастар күніне орай аудан орталығында «Open air» форматында мерекелік іс-шара өтті.

Балықшылар аллеясында ұйымдастырылған концерттік бағдарлама шараға келушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жиналған көрерменге аралдық әншілер мен бишілер өнер көрсетті.

Бүгінде ауданда 14-35 жас аралығында 25 мыңға жуық жас бар. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, қоғамның барлық саласында белсенді жұмыс атқарып келеді. Ізгі істің басы-қасында жүретін аудан еріктілері қарттар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек қолын созса, белсенді жастар мәдени-патриоттық шараларда қашан да алдыңғы қатардан табылады.

Елдік пен ерліктің қос қанаты

Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында «Елдік пен ерліктің қос қанаты» атты даңқты батырлар, әрі билер Шағырай Мырзақелдіұлы мен Дабұл Бекшеулына арналған ғылыми-танымдық конференция өтті.

Конференцияны аудан әкімінің орынбасары Дәурен Оңғарбайұлы ашып, аудан әкімінің құттықтауын табыстады. Конференцияда Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, ҚР мәдениет саласының үздігі, тарихшы, зерттеуші Болат Жолтаев жүргізді.

Конференциядан кейін Шағырай және Дабұл батырлардың атына Әйтеке би кентінде көше беріліп, ашылу салтанаты өтті.

Халықаралық жастар күні тойланды

Халықаралық жастар мерекесінің мақсаты – жастардың қоғамдағы рөлін дәріптеп, олардың болашаққа деген үміті мен арман-мұратын көрсету.

Шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы жастарды құттықтап, оларға алғыс хат табыстады. Сондай-ақ, жастардың қоғамдағы маңызды рөлін атап өтіп, олардың жетістіктерін жоғары бағалады.

Мереке аясында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі мен спорттық сайыстар ұйымдастырылды.

Шара соңында аудан өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды. Ән-жырдан шашу шашып, жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Алғыс хаттар табысталды

Жастар күні аясында аудан әкімі Ардақ Ибраимов белсенді жастармен кездесті.

Жастармен еркін форматтағы кездесу барысында үстел теннисі, қол күрес және гир спортынан үздіктер сайыса түсіп, жеңімпаздар марапатталды.

Сондай-ақ жас кәсіпкерлердің колөнер бұйымдары мен тың бастамаларынан жасалған көрме көпшілік назарына ұсынылды. Кездесу барысында жастар саясатының жүзеге асуына сүбелі үлес қосып жүрген жалаңды жастарға облыс әкімі және аудан әкімінің алғыс хаттары табысталды.

Мүмкіндіктер алаңы

Халықаралық жастар күніне орай аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен орталық алаңда «Мүмкіндіктер алаңы» кеңес беру шарасы өтті.

Жиынға аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, аудандық жұмыспен қамту орталығы, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы және аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары қатысты.

Шара барысында сала мамандары кездесу өткізіп, мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жайлы кеңінен баяндады. Қызмет іздеушілерге әдрестік жұмыстар жүргізіліп, оларға бағытталған мүмкіндіктер ұсынылды.

Мемлекеттік қызметшілер мен ата-аналар марапатталды

Жастар күніне орай «Арман» мәдениет үйінде мерекелік шара өтті. Жиында мемлекеттік қызмет атқарып, түрлі саланың дамуына үлес қосып келе жатқан жастармен қатар олардың ата-аналары да марапат биігінде көрінді.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Бағлан Жанғалиұлы қатысып, ата-аналар мен әр салада табысты қызмет етіп жүрген жастарды төл мейраммен құттықтап, болашаққа зор үмітпен қарауға, алға ұмтылып, ортақ Отанымызды бірге көркейтуді мақсатындағы жұмыстарға атсалысуға шақырды. Мұнан соң шара концерттік бағдарламаға ұласып, аудан өнерпаздары ән мен биден шашу шашты.

Білімді ұрпақ – ел болашағы

Қай елдің болмасын басты капиталы халқы десек, соның ішінде жастар қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені сөзсіз.

Жанақорған ауданында да «Жастармен бірге» онкүндігі қорытындыланып, аудандық жастар ресурстық орталығы және «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен, аудан кәсіпкерлерінің қолдауымен «Prime park» саябағында «OPEN AIR» форматында мерекелік кеш өтті.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары ән мен биден шашу шашып, жастар арасында Азизхан Аюпов және Бека Туркестан атымен танымал блогерлер шоу-концерттік бағдарламасын ұсынды. Сонында онкүндікте белсенділік танытқан жас кәсіпкерлер мен жастарға аудан әкімі мен «Аманат» партиясының «Алғыс хаты» табысталды.

«АЖ» ақпарат

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Аухан-И» ЖШС (БСН 181040023610) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Жанақорған кенті, Зұлпықар Мұсаханов көшесі 67 үй.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНСЫЗ БА?

– дейді ҚР оқу-ағарту министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Батырхан.

Министрліктің пайымдауына, биыл 500 мың балаға қаржылай қолдау көрсетіліп, оның 77 мыңнан астамына бюджеттен 3,4 млрд теңге аударылды.

– Жыл сайын мектеп формасының құны өседі. Арзан дегеннің өзінде ақ жейденің бағасы – 7 мың теңге, ал шалбар мен белдемшенің құны – 8 мың. Одан бөлек, спорттық костюм, аяқ киім, сөмке, мектепке қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Қазір әр үйден кем дегенде 3 бала мектепте оқиды. 4 тоқсанда мектеп формасы азып-тозады. Оны балаға қайта киізге алмайсың. Одан бөлек, кеңсе тауарлары да әп-сәтте таусылады. Өз басым үш баламды жаңа оқу жылына сақдай сай ету үшін 250 мың теңге жұмсадым. Ал мұндай қаражат көптің қалтасына салмақ түсіретіні анық, – дейді ата-ана Әйгерім Базарбаева.

Аймақтағы кеңсе тауарларының бағасына шолу жасап көрейік: қысқа сызғыш 35 теңге, ал 30 сантиметрден ұзын сызғыштың бағасы 350 теңгеге дейін жетеді. Мектеп күнделігінің бағасы 1000 теңгеге дейін, компас жийыңтығы 250 теңгеден бастап 1350 теңгеге дейін, қалам салғыштың құны 350 теңгеден басталады. 12 беттік дәптердің бағасы – 20 теңге. Бұл – тек ең маңызды деген керек-жарактардың құны.

«Мектепке жол» акциясы

Жыл сайын елімізде республика көлемінде 15 жылдан бері дәстүрлі түрде «Мектепке жол» акциясы өтеді. Бұл науқан аз қамтылған, ата-анасынан айырылған немесе әлеуметтік

жағдайы төмен отбасылардың жаңа оқу жылына еш қиындықсыз баруына көмектеседі. Акцияның маңызы жоғары, сол себепті еліміздің белді азаматтары мен кәсіпкерлеріне, депутаттар мен барлық ұйымдарға осы науқанға белсенді қатысуға шақырту жіберілді. Әрине, халық жанащырлары қол ұшын созып, әр баланың мектепалды дайындығына үлес қосса абзал. Дәстүрлі шара 1-30 тамыз аралығында өтеді.

Ал бүгінде қызылордалық мекемелер қайырымдылық акциясына белсенді қатысып, бұлдірішдерді керек-жаракпен барынша қамтамасыз етіп жатыр.

Оқу орны сән алаңы емес

Жоғары оқу орнына түскендердің жайы қандай? Ересектердің киімі балаларға қарағанда бірнеше есе қымбат. Бүгінде киімнің сапасына да сызат түскендей. Бір жыл киген киімнің екінші жылы жарамайды, аяқ киімдердің де бағасы шарықтап тұр. Десе де мектеп табалдырығындағы балалар университет қабырғасындағы адамның шығыны аз. Тек «сән қуып», университетті подиумға айналдырған жандардың ғана қалтасына салмақ түсетін секілді. Қазіргі жастар трендтен қалғысы жоқ, сәті түссе сәнді киім кигісі келеді.

Елімізде ақылы оқу құны жоғары, осы орайда баласы ақылы оқуға түскен ата-ана үшін оны университетке дайындап жіберу ауыртыпшылық тудыруы мүмкін. Өзге қалаға кететін болса әңгіме тым бөлек. Себебі жатақхананың да бағасы арзан болмайды. Бұл кез келген қамқоршының қалтасына салмақ салады. Алайда оқу орны сән орталығы емес екенін ұмытпаған абзал. Бастысы білім алу, жақсы маман атану.

Нұршат НЫШАНОВА

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

КАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШМЕЛІ

ЖАНАҚОРҒАН

Басы 1-бетте

Алаяқтардан абай болыңыз

Жалған сайт сілтемелері мен электронды хат жіберу арқылы ақпараттарды алу сіздің жеке деректеріңіздің ұрлануына әкелуі мүмкін. Мәселен, сіздің смартфонңызға хабарлама келді делік. Ол жерде сіздің көлік, ұялы телефон немесе өзге де сыйлық ұтып алғаныңыз туралы жазылады. Сыйлықты алу үшін аты-жөніңіз бен байланыс нөмеріңізді сілтемеде қалдыруыңызды өтінеді. Қарапайым ғана дүние болған соң, ол сізді күдіктендірмейді. Алайда осы алдамшы хабарлама арқылы алаяқтар өз көксегендеріне қол жеткізеді.

Алданған студенттер де аз емес. Әсіресе ауыл-аймақтан қалаға келіп, жаңа өмірге енді қадам басқан аңғал жастарды құрыққа түсіру алаяқ үшін мәселе емес.

— Бұл — осыдан 2 жыл бұрын болған оқиға. Енді қалаға келіп, университет студенті атанған кезім. Мемлекеттік грантты ұтып алдым. Бірақ алаяқтарға ойламаған жерден тап болдым.

Студент атанғаным 1 айдан асқан уақыт. Бір-екі күн бұрын ғана алғашқы шәкіртақым түскен еді, оған қоса туған күнім өтіп, ата-анам біршама қаражат берді. Осындай жайма шуақ күндердің бірінде Назым есімді топтасымның нөмерінен What'sApp арқылы хабарлама келді. Алғашында оқымай, жазғандарым елемей қойдым. Десе де жауап берейін деп шештім. Себебі ол «неге өзіңше болып жауап бермей отырсың?» деп жаза бастады. Басында не жағдай болып қалғанын білгім келді. Сөйтсем, ағасының несесін жабуға кішігірім қаражат сұрағысы келген екен. Осыдан кейін оның топтасым екеніне сенбей, өзінің Назым екенін дәлелдеуін сұрадым. Ол маған Telegram желісі арқылы жазды. Желіде Назымның 3-4 суреті тұрған соң, оған деген күмәнім сейілді.

Қаперімде артық ой жоқ, көмектескім келіп, оған қанша қаражат керек екенін сұрадым. Өзімнің есеп-шотымда 60 мың теңгедей болды. Бастапқы кезде 1700 теңге беруді өтініп болатын. Сосын «ақша жет-

пей қалды, тағы да мұнша теңге салып жіберші» деген соң, айтқан сомасын аударып жібердім. Ақыр соңы ол сұраған қаражат құны 40 мың теңгеге дейін жетті. Барлық ақшаны ол айтқан шотқа аударып жібердім. Жағдайдың қалай болғанын байқамай да қалыппын. Бір кезде топтастарым бар чатқа Назымның өзі жазып жатыр екен. Ол 15 минут бұрын алаяқтың оның атынан ақша сұрап жатқандығын, біздің абай болуымызды өтінген екен. Ал мен осы уақыт ішінде ақшамды қолды қылғанымды кеш ұқтым. Бұл жағдай демалыс күндері болды. Десек те полиция департаментіне барып арыз жаздым. Олар істің жақын арада қаралатынын айтты. Ақыр соңы оны ағаларым тауып, алаяқтың кім екенін білдік. Ол аппаратқа зәру, денсаулығы нашар Белкөл елді мекенінің тұрғыны болып шықты. Емге ақша жинаған көрінеді, бірақ адал жолмен емес, өкінішке орай. Мен оған кешірім беріп, бұл ісін қайталамауын өтіндім, — дейді студент Саида Есжанова.

«Алаңдамаңыз, алаяқтар ғой»

Қазір сымсыз желіден сыр жасыру мүмкін емес. Хакер лезде сіз туралы ақпаратқа қол жеткізе алады. Жай байланыс нөмеріңізді білу арқылы да көп мәліметке қол жеткізуге болады. Осы әдістерді қолданып, біреудің атына несие жазып, жалған құжат дайындап, мүлкін иемденіп алғандар өте көп. Жалпы айтқанда жеке делінген дерек «жалпыға ортақ» болып отырған заман.

— Қазір алаяқтардың заманы болды ғой. Біздің барлық дерегіміз қолжетімді. Жақында ғана маған ҚР Журналистер Одағының төрағасы Сейтқазы Матаевтан What'sApp желісі арқылы хабарлама келді. Содан ол кісімен бір-екі ауыз тілдескенмін. «Сізбен ҰҚК сөйлескісі келеді, сұрақтары бар» деді. Мен мақұл дедім. Артынша басқа нөмермен



бір орыс әйел хабарласып, өзін ҰҚК майоры ретінде таныстырды. Сөзінен шикілік барын аңғардым. Содан облыстық ҰҚК мен облыстық полиция департаментіне хабарластым. «Алаңдамаңыз, алаяқтар ғой» деді олар. Содан кейін менде іздестірмедім...

Одан бөлек, алаяқтар нөмерім арқылы менің контактімдегі адамдармен байланысқа шыққан көрінеді. Маған екі адам «сізден хабарлама келді» деп хабарлады, содан дереу чаттар мен Facebook-ке бұл хабарламалардың жалған екенін және хатты жолдаған мен емес екенімді жарияладым. Бір түсінгенім, көбіне алаяқтар ҚР азаматы емес. Қазақша жазсаң орысша жауап береді, сөйлеу мәнерлері де бөлек. Сол үшін сақ болыңыздар! — дейді Жанібек Исаев.

Бұл тұрғыда құзырлы мекемелердің профилактикалық жұмыстары маңызды рөл атқарады.

Аталған қылмыстың алдын алу, қылмыскерлерді құрықтау және халықты олардың астыртын әрекетінен сақтандыру мақсатында Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының бұйрығымен тергеу және криминалды полиция бөлімдерінің тәжірибелі қызметкерлерінен «Киберпол» желі-тергеу тобы жасақталды.

Одан бөлек, құзырлы органдар БАҚ-тың көмегімен, әлеуметтік желілер арқылы халық көп шоғырланатын жерлерде алаяқтыққа қатысты жадынамаларды таратып, сол арқылы ақпараттандырумен айналысып отыр. Десек те тәртіпсіздік соған қарамастан белең алып тұр.

Не істеу қажет?

Кез келген қылмысқа тосқауыл болатын заң бар. Алаяқтықпен айна-

лысқан айлакерлерге де жасаған қылмыс көлеміне қарай айып тағылады. Осы жылдың маусым айынан бастап бірнеше заңға өзгеріс енді. Қазақстан Ұлттық банкі бұл мәселені шешу үшін Антифрод-орталықтың құрылғанын хабарлады. Ақылды технологиялық платформа алаяқтықтың алдын алып қана қоймай, күдікті аударымдарды тез анықтап, оларды бұғаттайды. Аталған қосымша қазақстандықтардың қаражатын осылайша қорғайды.

Егер сіз мұндай жағдайға тап болсаңыз, дереу полиция бөлімшесіне хабарлаңыз. Дер кезінде жазылған арыз кейін үлкен қылмыстың алдын алуы мүмкін. Яғни тек өзіңізді ғана емес, өзіңіз секілді жағдайды басынан өткеруі мүмкін азаматтарды ойлау маңызды.

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

ЛУДОМАНИЯ: ҚҰМАР ОЙЫННАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Бірнеше рет ұтып, оңай ақша табу мүмкіндігін көргенде, әрине, кімнің де болсын қызығушылығы артатыны сөзсіз. Бүгінгі кейіпкеріміз ғана емес, статистика көрсеткен 400 мың азамат құмар ойынға арбалған.

Тиыннан қомақты сомаға ауысқан шағында Сәбиттің өмірі түптамшымен өзгерген. Ойын автоматтарының орнын жарық шам мен үлкен экран ауыстырып, казино әлеміне кірген. Оның айтуынша, автомат ойынын ойнаған бір жылдың ішінде сабағы нашарлап, жазғы семестрге қалған. Себебі түнгі уақытта ойын аңдып, ал сабақта реті келсе ұйықтайтын еді.

— Кейін достарым мен ата-анам өтірік айту, ақша жетпеу, айналамен жанжалдасу басталды. Ең қорқыныштысы ұтылсам да, ақшамды қайтару үшін ойын ойнауға айналып бардым. Ал шын мәнінде әр барғаным тек жеңіліс әкелді.

Есімнен кетпейтін, жүрегімде қара дақ ретінде қалған өте жиіреністі оқиға бар. Ауылға бардым. Сондағы баруыма себеп қалай да үйден ақша алып кету еді. Қарындасым ақшаға тиянақты. Күнделікті мектепке берген тиындарды жинап, кейін өзіне қажетті заттарын сатып алатын. Оны қай кезде жарататынына дейін білемін ғой. Менің есебім бойынша біршама ақша жиналуы тиіс. Қателеспепін. Өзін әңгімеге тартқаным сол еді, ақшасы туралы айтып берді. Бірақ ол ақшаны әкеміңнің туған күніне арнайы жинап жүр екен. Нашар адам болғаным сонша, бұл сөзіне мән бермей, сабағымға керек деп ақшасын сұрап алдым. Келесі бір келгенімде кішкентайында әжем құлағына ырымдап таққан алтын сырғасын ұрладым. Иә, өзімнің бауырымнан...ұрладым. Сол сәтте «ұят, болмайды, мүмкін доғару қажет болар» деген ой мүлде ойыма келмейтін. Себебі әрдайым тұман жүргендей сезімде болатынымын, — деді кейіпкер.

Расымен, лудомандардың біразы айтатын бір тұжырым бар. Ол — менің ойымды тұман басқандай сезімде боламын. Бұл туралы психологтар да

дабыл қаққан еді. Бұл симптом ойдың айқындығын жоғалту, шынайылықтан ажырау немесе зейіннің бұзылуы сияқты көріністерге әкеледі.

— Құмар ойындарға тәуелділік адам психикасына терең әсер етеді. Бұл психологиялық әсердің бірнеше себебі бар. Біріншіден, құмар ойындар кезінде ми белсенді түрде дофамин гармоньын бөледі. Бұл гормон қуаныш сезіміне жауап береді. Бірақ тұрақты түрде дофаминнің бөлінуі ми нейрондарының табиғи тепе-теңдігін бұзады, нәтижесінде ми айқын ойлау қабілетінен айырылады.

Екіншіден, құмар ойындарға тәуелді адамдар үнемі стресстен, қорқыныш сезімінен зардап шегеді. Бұл эмоциялар ойды тұмшалап, ішкі жан дүниені ауырлатады. Стресс пен үрейдің ұзақ мерзімді әсері адамның психикалық денсаулығын нашарлатады, сананың бұлыңғыр болуына себеп болады. Сондықтан лудоманиядан зардап шегетін адамдарға дер кезінде психологиялық көмек алу

маңызды. Бұл тәуелділіктен арылуға емес, сонымен қатар ойдың тазалығын және өмір сапасын қалпына келтіруге көмектеседі. Оларға кәсіби қолдау көрсетуді, жан дүниесін түсініп, дұрыс жолды табуға жәрдемдесуді ұсынар едім, — дейді психолог Әсел Асылбаева.

Сәбит бүгінде 24-те, жас кәсіпкер. Ол 19 жасында құмар ойындарын ойнап, үш жыл зардап шеккен. Тек 22-ге келген шағында ғана қателігін түсінгенін айтты. Барлық қиындықты өткенге қалдырып, өмірдің жаңа парағын бастауға не тұрткі болғанын Сәбиттің өзінен сұрадық.

— Қазір ойлап қарасам, жастық шағымның 3 жылы тек ойынмен өтті. Бұл кезеңде шалыс баспағанымда, отбасыма демеу болар едім. Қазір Алматы мен Шымкентте шағын екі кәсібім бар. Жақсы өмір сүруге жетеді. Бұдан да табысты болуым үшін биыл шетелге оқуға тапсырдым. Кезінде алтынның ұрлаған қарындасым Түркияда оқиды, ал інілерім мектепті енді тәмамдайды.

Өткен күндегі қателігімнен сабақ алуға тырысамын.

Ал лудоманиядан қалай құтылдым? Сәл болса да жетістікке жетіп, қайтадан тұлға ретінде қалыптасуыма, құмар ойындарынан арылуыма көмектескен, бұл жолда мені түзеген — отбасым. Ренжімесеніз, ашып айтқым келмейді. Бір айтарым, бұрынғы Сәбитті қайтару үшін әкем өмірден озды. Мен сол сәтте ғана есімді жидым. Жастар әр қадамын абайлап басса екен деймін, — деді Сәбит.

Лудоманияға қарсы кешенді жоспар

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев лудоманиямен күресу үшін кешенді жоспар құруды тапсырған еді. Тапсырма аясында Үкімет заңсыз ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдады. Ол 4

бөлімнен және 28 тармақтан тұрады. Нақтылап айтсақ, лудоманияның алдын алуды ұйымдастыру, халықтың әртүрлі топтары арасында құмар ойындарға тәуелділікті анықтау, лудомандарды емдеу, медициналық-әлеуметтік оналту және ойын бизнесін мемлекеттік реттеуді қамтиды.

Кешенді жоспар шеңберінде құмар ойындарына және бәс тігуге тұрақты қатысатын адамдар санын 350000-нан 201600 адамға дейін азайту жоспарланған. Ал құмар ойындарға патологиялық тәуелділіктен зардап шегетін адамдарды мемлекет есебінен тегін емдеумен және медициналық-әлеуметтік оналтумен қамтуды 13-тен 300 адамға дейін ұлғайту көзделген. Мәселен, биыл 50, келесі жылы 150, ал 2026 жылы 300 адам қамтылады. Кешенді жоспарды іске асыруға республикалық бюджеттен қаржы бөлу талап етілмейді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде 350 миллион адам лудоманиядан зардап шегеді. Бұл дерт ең көп тараған ел — АҚШ. Мұнда тұрғындардың 85 пайызы өмірінде кем дегенде бір рет құмар ойын ойнаған. Сонымен қатар спорттық ойындарға ұтыс тігетіндер де көп. Бұл әсіресе жастар арасында кеңінен таралған. Мамандар елде ойынқұмарлықпен қатар алкоголь мен есірткіге тәуелділік те көбейіп, психикалық ауруларға шалдыққандардың саны артуға дейді.

Ойынқұмарлықтың әлем бойынша күрделі мәселеге айналғаны айқын. Лудоманияның психикалық және әлеуметтік зардаптары қоғамның назарында болуы тиіс. Бұл құбылыспен күресу үшін алдын алу шараларын күшейту, халық арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу және кәсіби көмек көрсету қажеттілігі артты. Елімізде де бұл мәселенің өзектілігі туындап, мамандардың назарын аударып отыр. Сондықтан бұл бағыттағы әрекеттерді жандандыру маңызды.

Әлия ТӘЖІБАЙ





ЕРТАЛАП РЫСҰЛЫ: ҚҰРЫЛЫС НАРЫҒЫН ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР ҚАМТЫП ТҰР

Бизнес әліппесін үйреніп, өз идеяларын жүзеге асырған сырбойылық жастардың саны артып келеді. Олар жаңа нарыққа жол ашуда. Осы орайда біз кәсіпкер, «Altyn Orda» дүкенінің негізін қалаушы Ерталап Рысұлымен хабарласып, кәсіп жолындағы тәжірибесі туралы әңгімелестік.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Жұмыс істеу – күнкөріс көзі ғана емес, жеке тұлғаның қалыптасып, қоғамда орнын табуына негіз болатын фактор. Әрбір жас үшін еңбек нарығында алғашқы қадам жасау немесе кәсіби жолын бастау – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап етеді.



Осы орайда 9 тамыз күні Батырхан Шөкенов атындағы саябақта «Еңбек бәрін де жеңбек» тақырыбында жастарға арналған «Мүмкіндіктер алаңы» іс-шарасы өтті. Шараның басты мақсаты – жастарды еңбекке баулу, бос жұмыс орындары туралы ақпарат ұсынып, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша кеңес беру және кәсіпкерлікке ынталандыру. Бұл жиналыс Халықаралық жастар күнінің оңтүстік аясында ұйымдастырылды.

Іс-шараға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қанопов, «АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов қатысып, жастарды мерекелерімен құттықтап, жұмыс іздеушілерге сәттілік тіледі. Бұл алаң Қызылорда жастары үшін жаңа мүмкіндіктердің бастамасы болды.

Жұмыс іздеуші жастарға жергілікті 36 мекемеден 222 бос жұмыс орны ұсынылды. Мекемелер ұсынған вакансиялардың көші басында «Мастер КІРС» маманы тұр. Оған тиесілі жалақы мөлшері 303 891 теңгені құрайды. Дәл осы маманға басқа мекеме 200 000 теңге төлейтінін көрсеткен. 222 бос жұмыс орнының жартысында нақты айлық көрсеткіші белгіленбеген. Жәрмеңке барысында «Бал бала орда» жеке балабақшасының әдіскері Жұлдызай Тұрсынбайқызымен тілдестік. Нарықта 7 жылдан астам жұмыс жасап келе жатқан балабақшаға тәрбиеші мен логопед маман қажет.

Балалармен жұмыс істеу бағыты болған соң әр маманға арнайы талаптар бар. Жалақы көлемі білім деңгейі мен еңбек өтіліне сәйкес есептеледі. Логопед маманы аптасына 5 күн, таңғы сағат 8:00-ден бастап 12:00-ге дейін жұмыс істеуі қажет. Балабақшаға түрлі диагнозбен балалар келеді. Сол үшін мамандардың біліктілігі маңызды. Мемлекеттік мекемеге қандай талап қойылса, жеке балабақшаларға да талап қатал, – дейді мекеме маманы.

Оның айтуынша, логопед және тәрбиешінің жұмыс орнына 5 адам қызғушылық танытқан. Бұл – түске дейінгі көрсеткіш. Ал жәрмеңкеден кейін балабақшаға маман табылды ма? Осы сұраққа жауап іздеу үшін Жұлдызай Тұрсынбайқызымен тағы байланысқа шықтық.

Жәрмеңке жақсы ұйымдастырылды. Бірақ бізге қажет маманды таба алмадық. Метін ойымша, іс-шараға мекемелер келіп, бірақ жұмыс іздеуші мамандар толық қамтылмаған. Егер жас мамандар мен колледж, университет түлектері шақырылса, әр мекеме өзіне

кажетті мамандармен байланыса алар еді. Бізге диплом немесе нақты осы сала бойынша білімі жоқ, бірақ бала күтуші ретінде еңбек өтілімі бар жұмыс іздеушілер келді. Алайда біз мұндай мамандарды жұмысқа орналастыра алмаймыз, – деп жауап берді ол.

«Қоғамдағы басты мәселе жұмыссыздық» деп дабыл қаққалы қанша жыл өтті. Ал негізгі мәселе сұраныс пен ұсыныстың кездесуінде секілді. Байқағанымыздай, мекемелерде бос жұмыс орындары көп. Десе де жұмыс жоқ дейтін жастар да бар. Сонда бұл жай сылтау болғаны ма? Жастардың рәсіммен еңбек етуге құлқы жоқ па? Бұл жөнінде қалалық мәслихат депутаты, «АМАНАТ» партиясының фракция мүшесі Мейрамбек Есжановтан сұрадық.

– Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі жиі ұйымдастырылады. Бұл – жұмыс берушілер мен іздеушілерді бір алаңға тоғыстыратын мүмкіндіктер мекені. Қазір мекемелердің барлығы қамтылуда. «АМАНАТ» партиясы да жастармен үздіксіз байланыс орнатып, іс-шаралар мен жиындар өткізіп жатыр.

Жастардың барлығында жұмыс істеуге талпыныс жоқ деп айтуға болмайды. Бұған негіз де жоқ деп ойлаймын. Бірі берілген жұмысты істеуден бас тартып, уақытыма сәйкес келмейді десе, бірі бар ынтасымен кіріседі. Қай жерге болсын, жақсы маман қажет. Шындығына келгенде еңбек етуді қалайтын жастарға жұмыс көп. Қазір көбі «лауазымды жұмысқа орналасса» дейді. Ол, әрине, бірден жүзеге аспайтыны анық, – дейді Мейрамбек Есжанов.

Жәрмеңкені қорытындыласақ, мекемелердің қызметін 136 жұмыссыз пайдаланып, 48-і жолдама алды. Ұсынылған вакансиялардың басым бөлігі – жүргізушілер мен жұмысшы мамандары. Сонымен қатар «Мүмкіндіктер алаңында» мүмкіндігі шектеулі жандардың қолына көрсетіліп отыр. Көрмеде ерекше қажеттіліктері бар жастар өздерінің қолына бұйымдарын көпшілікке ұсынды. Шара барысында мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихатталып, сонымен қатар спорттық сайыстар ұйымдастырылды.

– Ерталап, бала кезден-ақ кәсіпкер болуды армандалыңыз ба?

– Иә, бұл салаға келу бала Ерталаптың арманы еді. Қызылорда гуманитарлық-заң және техникалық колледжінде заңгер мамандығында білім алдым. Сол кезде кәсіп жолына келемін-ау деп ойлайтынмын. Себебі алғашқы жұмысым отбасылық кәсіптен басталды. Әкем монша салып берді, отбасымызбен осы істі жүргіздік. Жағдайымыз шүкір, орташа болды. Қиындық көрмей өстік. Ата-анам жастайымыздан еңбекке баулады. Әр жетістігіміз де осы кісілердің арқасында деп есептеймін.

– «Алтын Орда» быыл 11-ге толды. Бастапқыда пеш сатумен айналысып, кейін сұранысқа байланысты құрылыс заттарын қолға алдыңыз. Бір сөзіңізде «Алтын Орда» халықтың өзі құрды» деген екенсіз. Осы орайда 2013 жылға оралып, дүкеннің ашылу тарихы туралы айтып беріңізші...

– 2010 жылдары базарда сәулеммен айналыстық. 3 жылдан соң колледжді үздікке тәмамдап, базарда ағамның қасында кызмет еттім. Сол кезеңде, яғни 2013 жылы «Алтын Орда» құрылды.

Иә, бастапқыда тек пеш сатуды қолға алдық. Халықтың сұранысына сай уақыт өте келе ассортименттерді де көбейттік. Сұранысты басты орынға қойып, сатып алушылардың проблемасын шешеміз деген идеологиямен жұмыс істедік. Бүгінде міне дүкенде 30 мыңға жуық тауардың түрі бар.

– Бәрі бірден бола бермейтіні рас. Оң нәтижеге жету маңдай тер мен үздіксіз еңбекті талап етеді. «Алтын Орда» ашула қандай қиындықтармен бетте бет келдіңіз?

– Қиындықтар әсері, саңдырау туралы сол кезеңдегі эмоциямен ғана толық айта алуға болатын секілді. Өткен мәселелерге бүгінгі көзқараспен қарасақ, қатты қиын емес тәрізді көрінеді емес пе? Оның да берекесі, қайыры бар.



Ә.Жанобқызы

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жастар кәсіпкерлігі – қоғамның экономикалық дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды сала. Қызылорда облысында шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын жастар санының артқаны байқалады. Мәселен, осы жылдың шілдесінде айындағы мәліметке сәйкес, аймақта тіркелген 68068 кәсіпкерлік субъектілерінің 42,1%-ы жастардың өншісінде.

Жыл сайын жастардың кәсіпкерлік саладағы мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үлесі ұлғайып келеді. Бұл, ең алдымен, мемлекет тарапынан қолдаумен қаржылай қолдау шараларымен байланысты. Быыл Қызылорда облысында кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға 34,5 миллиард теңге қарастырылып, жыл басынан бері 1 211 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

Мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламалары аясында бюджеттен жыл басынан бері 494 жоба субсидияланды. Оның ішінде 130 жоба, яғни жалпы несие портфелі 3,7 миллиард теңгені құрайтын бастамалар жастардың үлесінде. Сонымен қатар жалпы құны 7,3 миллиард теңгеге 339 жоба бойынша кепілдік шарты жасалса, оның ішінде 115 жоба, жалпы құны 2,1 миллиарды жастарға тиесілі.

Жас кәсіпкерлерді қолдау үлкен жобалармен ғана шектелмейді. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жыл басынан бері 79 жоба 398,5 миллион теңге арқылы қаржыландырылды. Оның ішінде 20 жоба, жалпы сомасы 97 миллион теңге жастарға қарастырылған.

Аграрлық несие корпорациясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдауда белсенді. Осы жылы жас кәсіпкерлердің 48 жобасына 1,2 миллиард теңге несие


берілді. Бұл көрсеткіш жастардың аграрлық саладағы кәсіпкерлікке де айрықша көңіл бөлетінін көрсетеді.

Жастар кәсіпкерлігі – аймақтағы экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің біріне айналып отыр. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы жас кәсіпкерлер өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып келеді. Осы қолдау шараларының арқасында Қызылорда облысында жастардың кәсіпкерлікке деген қызығушылығы артып, олардың бизнестегі үлесі күн санап көбейіп келеді. Жастардың белсенділігі мен мемлекеттік қолдау құралдары бірігіп, аймақтың болашағына сенімді қалам жасауға мүмкіндік береді.

«АЖ» ақпарат



Әңгімелескен Әлия Тәжібай



МАҚСАТЫМЫЗ —

ҚАТЕРЛІ ІСІКТІ ЕМДЕУГЕ ҚАУҚАРЛЫ ЖАҢА ҚОСЫЛЫСТАР АЛУ

бағытта. Бірқатары ісікке қарсы, антиоксидантты биологиялық белсенді қосылыстар алу, одан бөлек антибактериалды және зен саңырауқұлақтарына қарсы белсенділігі бар заттарды алуға арналған. Мұнан бөлек мұнаймен ластанған топырақты қалпына келтіру бағытындағы бір жобамыз да гранттық қаржыға ие болды.

— **Жантақты зерттеп, шетелдік ғалымдармен бірге Альгеймер, Паркинсон ауруын емдеуде қолданылатын өнім жасауды бастадыңыздар. Жоба қалай жүзеге асуда? Өндіріске енгізілуі мүмкін бе?**

— «Жантақтан алынады» деген сөз бір журналист арқылы БАҚ-қа тарап кетті. Флавоноидтар деген заттар бар. Флавоноидтар біздің өмірде жантақтың құрамында көп болады деп едім, соны солай түсінсе керек. Жантақ демей, флавоноид деп айтқан дұрыс. Себебі ол басқа өсімдіктердің де құрамында кездеседі.

Біздің зерттеуіміз не болды? Флавоноидтар — биологиялық белсенділікке ие антиоксиданттар. Картаю процесін тежей алады. Паркинсон, Альгеймер ауруларын туындататын адам ағзасындағы дұрыс емес құрылымдағы ақуыздардың да түзілуін тежей алатын қасиеті бар. Оларды амилондты фибрилдер дейді. Олар адамның миында түзіледі, бірақ адам миын қорғап тұратын гематоэнцефалитті барьерден көптеген дәрілік препарат өте алмайды. Адам флавоноидтарды қабылдайтын болса, әлгі барьерден өте алмайды.



Жобада химиктерден бөлек, нейробиолог, дәрігерлер секілді бірқатар сала маманы бірлесіп жұмыс істейді. Маған қойылған міндет — суда еритін, гематоэнцефалитті барьерден өте алатын флавоноидтардың жаңа модификациясын алу. Шәкірттеріміз бірге зерттеу жұмыстарын жалғастырамыз. Еуропалық әріптестеріміз бұл бағытта оң нәтижеге жетуде. Іргелі зерттеулермен айналысатын ғалым болғандықтан, бұл жұмыстарды толық атқаруымыз қажет. Бұл ұзақ уақыты қажет ететінін де айта кету керек.

Жобаға бөлінген қаржы да препаратты өндіріске енгізу үшін емес, зерттеу жүргізу үшін берілді. Бұл зерттеулер әлі де жалғасуда. Ал өндіріске енгізілетін кезде хабарлайтын боламыз.

— **Сіздің жетекшілігіңізбен күріш сабанынан целлюлоза алу жолы анықталды. Оны қағаз шығару мақсатында қолдануға болады. Бұл жаңалыққа қызығушылық танытқан өндіріс орындары бар ма?**

— Бұл бағыттағы зерттеулер толық жүргізіліп, қазіргі уақытта аяқталды. Целлюлоза алудың түрлі әдісі жасалды. Ақ түсті және картон секілді қағаздың бірнеше түрін жасауға болатыны дәлелденді. Патент те алынып, мақала да жарияланды. Жуырда шетелдік журналда бұл тақырыпта тағы бір ғылыми мақаламыз жарық көреді.

Бизнес өкілдеріне ұсынысымызды айттық, көбі қызығушылық танытқанымен, қаржысына келгенде тұрып қалады. Өйткені қағаз өндірісі — үлкен қаржыны талап ететін сала. Ғимарат дайын болған күннің өзінде ішіне алатын қондырғылар, коммуникацияға кем дегенде 500 миллион теңге керек. Алматыдан қызығушылық танытқан бизнес-әріптесіміз болды. Бірақ қаржылай қиындықтар туындағандықтан, әзір емес, бірақ алдағы уақытта іске асырамыз деп уәде берді.

— **Мұнаймен ластанған топырақты тазарту бағытында да компаниялармен бірге жұмыс істейсіздер. Еліміз бойынша сұраныс көп пе? Мұнаймен ластанудың қоршаған ортаға залалы қандай? Мұнай өндіретін өндіріс орындары міндетті түрде топырақты тазалау жұмысын атқара ма?**

— Мұнайды жер астынан шығару, тасымалдау кезінде төгіліп, топырақты ластауы мүмкін. Қоршаған ортаға қандай кері әсері бар дейтін болсақ, ол буланып атмосфераны және жерге сіңіп, жерасты суларын ластайды. Оның бір бөлігін сол маңдағы өсімдіктер сіңірсе, оны жеген жануарларда ауру туындауы мүмкін. Ауру туындамаған күннің өзінде сол малдың етін тұтыған адамның да ағзасына мұнай өнімдері түсуі ықтимал. Сол себепті ластанған топырақты тазарту қажет. Қазір бұл бағытта көптеген жұмыс атқарылууда. Ластанған топырақты тазалайтын компаниялар бар. Көбі әкпен тазалау секілді ескірген тәсілдерді пайдаланады. Бірақ ол топырақ мұнан кейін химиялық қосылыстармен ластанады, сондықтан оны табиғи ортаға қайтармай, жол құрылыстарына пайдалану қажет. Жол құрылысына керек топырақтың талабына сәйкес келмегендіктен кейде оны кен орындарына баратын өндірістік жолдарға тастауы мүмкін. Сол себепті біздікі ең зиянсыз, экологиялық таза, биоәдіс болып саналады. Біз мұнаймен қоректенетін бактериялардың ассоциациясы арқылы ластанған топырақты қалпына келтіріп, табиғи ортаға қайтарамыз. Сонда өсімдікке де, жануарға да зияны тимейді. Біздің әдіс арқылы 2 айда ластанған топырақты толық тазалауға болады. Өткен жылы компаниялармен бірлесіп жұмыс атқардық.

Жуырда гранттық қаржыландыруға ие болған жобамыздың бірі осы салаға арналды. Алдағы уақытта топырақты қоршаған ортаға зиянсыз түрде тазарту жұмыстарын зерттейтін боламыз.

— **36 жасыңызда профессор атанған ең жас ғалым болдыңыз. Жаңа зерттеулер жүргізу үшін білімнен қатар интуиция да маңызды болар. Бұлай ерік-жігеріңіздің мықты болуына не әсер етеді?**

— Бұл ата-анамыздан дарыған қасиет болар. Әкем жұмысшы болса да ізденімпаз, еңбекқор және өнертапқыштығы бар кісі болатын. Өзі электрик болып қызмет етті. Техникалық заттарға жөндеу жүргізіп, темірден әртүрлі құралдар даярлайтын. Үйдегі есік-терезеге дейін өзі жасайтын. Сондықтан әкемнен көріп, үйренгенімнің арқасында көп қасиетім әкемнен дарыды деп ойлаймын. Ал анам бухгалтер болып қызмет атқарды. Сол заманда мектепті де, оқу орнын да өте үздік оқыған. Әке-шешем бала кезімнен-ақ «профессор боласың» деп арқаннан қағып отырғандықтан, «неге болмасқа?» деп алға ұмтылған шығармын. Осылайша 36 жасымда профессор атағын иелендім.

Иә, қазір көп адамда білім бар. Білімді өте

жоғары бағалаймын. Кейде мектеп мұғалімінің білімі ғалымдардан терең болып жатады.

Ал интуицияға келетін болсақ, қоршаған ортадан осы кезге дейін жинақтаған білімімізбен қатар, қазіргі зерттеулер, болып жатқан құбылыстарға қарап, жаңа дүниелерді іздеу үшін интуиция керек. Интуиция да дамытуды қажет етеді. Оны қалай дамытамыз? Қазір Scopus және Web of Science деген халықаралық базалар бар. Жұмыс күнім осы базаларды ашудан басталады. Кілт сөздерді салу арқылы, бүкіләлемде ғалымдар немен айналысып жатқанын біле аламын. Алдағы уақытта не жүргізе аламыз, қай әдіс тиімді? Осы сұрақтарға жауап та табылады. Шетелдерде тәжірибе алмасу, басқа әріптестермен байланыс орнату да ғылымды дамытады.

Білім мен интуициядан бөлек ерік-жігер де қажет. Өзімізді «сен жасамасаң, кім жасайды?» деп қайрап отырамыз. Осылай жетістікке жетіп отырған болармыз.

— **Ғалымның бір күні қалай өтеді?**

— Әрқалай. Негізінен зертхананда 20-ға жуық әріптес және шәкірттеріміз бірге қызмет атқарамыз. Күнделікті жұмыстарды, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларды талқылаймыз. Ғылыми ақпарат іздеп, шәкірттердің жұмысын бақылау, сырттан қаржы көздерін іздеуірі мақсатында бизнес өкілдерімен келіссөздер жүргізіп және өзге де жұмыс істейміз. Тек ғылыми жобалар емес, өндіріс орындарымен бірлесіп ғылыми-зерттеу және тәжірибелік бағытта да еңбек етеміз. Сол мақсатта компаниялармен келісімшарт жасау, шәкірттердің жасаған жұмыстарын нәтижесінде патенттік ізденістер жүргізу, ғылыми мақала, монография жазумен күнім өтеді. Университетшілік шараларға қатысу, сырттан келген шетелдік профессорлармен әріптестік орнату, мұнан бөлек отбасына қарап, балаларды мектепке, балабақшаға апару да күнделікті міндетімізге кіреді.

— **Ғылымға, оның ішінде химия бағытына қызығатын жастар бар ма?**

— Мұндай жастар баршылық. Шәкірттеріміз барлығы химияны жаңы сүйетін азаматтар мен азаматшалар. Кафедрада химиялық технологиялар мамандығы оқытылады. Бұл мамандыққа түсу үшін талапкерлер химия мен физиканы таңдайды. Оны таңдайтын балалар өте аз. Жылына түсетіні 4-5 бала. Саны аз болғасын университет бұл мамандықты жабуға шешім қабылдады. Өйткені, студенттерден түсетін қаржы көлемі оқытушылардың жалақысын жаппайды. Қазір тек 4-курс студенттері білім алады. Бірақ бұл мамандыққа келген балалардан нәтиже шығады. Менен білім алған студенттер танылып, өз саласындағы жетістіктері арқылы «жұлдыз» болып жатады. Олар ән айтып емес, өз саласы бойынша еңбек етіп, жұлдыздары жарқырауда. Бірақ біз бұл салада ұстаз болғандықтан шәкірт санының көп болғанын қалаймыз.

— **Сұхбаттасқаныңызға рақмет!**



Мысал үшін айтар болсақ, кейбір заттар ауруды емдегенімен, кейде жүрекке, бауырға, бүйрекке әсер етуі ықтимал. Сондықтан біз адамның денсаулығына мүлде зиян келтірмейтін, бірақ ісікті емдейтін жаңа заттар алу үшін зерттеу жасаймыз.



— **Зерттеу тірі адамға жүргізіле ме?**
— Жок, адамның тіні мен жасушаларында зерттеудің әдісі бар. Ерекшеліктері анықталғаннан кейін клиникалық зерттеуге ұласады. Бұл жобада дәріні бірден шығара алмаймыз, оған қаржы қаралмаған. Біздің басты міндетіміз — химиялық зерттеулер жүргізіп, жаңа заттар алу. Олардың құрамын, құрылысын, пайда-зиянын талдаудың өзі — күрделі еңбек. Химиялық белсенділігі, улылығын анықтаумен біздің жоба аяқталады. Оның өзі көп уақыт пен қыруар еңбекті қажет етеді.
Басқа жобаларға келетін болсақ, олар әртүрлі





БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР - ЕЛ ТІРЕГІ



Жастардың қай уақытта да қоғамның алға жылжуында ролі айрықша. Өскелең ұрпақтың білім алуы, кәсіби дамуы – елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына тікелей әсер етеді.

Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның қарашаңырағына айналған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде студент-жастардың академиялық, қоғамдық, шығармашылық жұмыстар жасауына және спортпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Олардың креативті идеялар мен жаңа бастамаларды қолға алуына, зерттеулер жүргізіп, заманауи оқу бағдарламалары мен шетелдік озық тәжірибені меңгеруіне толық мүмкіндіктері бар.

Білім ордасының негізгі миссиясы – студенттердің кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерінің жоғары деңгейін арттыру, білікті кадр даярлау және әлеуметтік жауапкершілік қалыптастыру. Осы ретте жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар 5 бағытты қамтып отыр. Қазіргі уақытта «JastarRuhу» жастар қанаты, «Ұлағат ұландары» педагогикалық жасағы, «Ақиқат» саяси пікірсайыс ұйымы, «Q құрамасы» жайдарманшылар ұйымы, «Қыз Жібек» қыздар клубы, «Қазақстан студенттері Альянсының» университеттегі филиалы, «Қыран» әскери-патриоттық ұйымы, «Қорқыт шақырады» жастар қозғалысы, «Жауқазын» жастар театры, «Сырлы қалам» жас ақындар ұйымы, «ФЫБЫрай» педагогикалық ұйымы, «Саналы ұрпақ» фронт клубы, «Шапырақ» би ұйымы, «Достық», «E-nactus», «Асыл домбыра», «TalkLike», «Айналайын», «InfoGo», «Арлан» сынды қоғамдық ұйымдар өз қызмет аясында іс-шараларды табысты атқаруда.

Қабілеті мен қалауын айқындай алатын, қызығушылығы ортақ білім алушылардың көбейгені әрі олардың жаңа бастамалары бізді қуантады. Сөзіміз жалаң болмас үшін атқарылған жұмыстарға ойысқас.



Дарынды білім алушыларды қолдау мақсатында қыркүйек айында Жастар ұйымдарының ұйымдастыруымен I-курс білім алушыларына арналған «JaStar» таныстыру кешін өткізу дәстүрге айналған.

Студенттер күніне орай, «StuDay» апталығы аясында республикалық университетішілік ауқымды іс-шаралар, өнер сайыстары мен эстафета ұйымдастырылды. Алғашқы күні «Бір толқында» көңілді эстафетасымен басталып, республикалық «JaStar&Dasturfest» фестивалімен жалғасты. Фестивальге Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Мақсұт Нарикбаев University, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің студенттері арнайы қатысты.

Өзекті мәселелер бойынша пікірталас алаңында «Ақиқат» клубы биік белестерден көрінуде. Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының 15 жылдығына орай республикалық ІІІІ СІР V турнирінде «Ақиқат» пікірсайыс клубының мүшелері жоғары лигаға қатысып, I орыннан көрінді.

Сахнаның ауқымы мен кесінін осы бастан ұғынған «Жауқазын» театр ұйымы биыл Ө.Кекілбаевтың «Махаббат мұнарасы», Ш.Қалдаяқовқа арналған «Шәмші сүйген Изольда» және халықаралық театр күніне орай М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиялық қойылымын көрерменге ұсынды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен өткен «ІІІ ІІІІТ – 2024» республикалық студенттік театрлар фестивалінде ІІ орынды иеленді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – «Қыз Жібек» қыздар клубы қызметінің басты бағыты. Клуб мүшелерінің бастамасымен осы бағытта челленджер тұрақты ұйымдастырылып келеді.

Қазақы ғұрыпты дәріптейтін, Сыр сүйелерінің жолын жалғастырушы ақын студентіміз Жамбыл Бақытәлі Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті ұйымдастырған Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Менің халқым менен де биік» атты республикалық студент ақындар айтысында І орын, Ділназ Ержігітова Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұйымдастырған «Менің пірім – Сүйінбай» атты дәстүрлі VIII халықаралық жас ақындар айтысында ІІ орын иеленді.

Белсенді студенттеріміз Қызылордадағы жастар орталығымен тығыз жұмыс істейді. Сонымен қатар университет еріктілері жыл бойына әртүрлі қайырымдылық кештерін өткізеді. «Таза өлке» апталығы аясында белсенді жастар «Жастар аллеясында» тал егу шараларына қатысты. «Тал егу – игі дәстүр» шарасында 100 түп «Сыр талы» егіліп, жастарға спорттық сайыстар, арт шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Ардагерлер және қарттар үйінде шаралар өткізу – жоспарлы жұмыстардың бірі.

Спорт бағытында да өтетін түрлі байқауға қызығушы жастар көп. Мәселен, республика

күніне орай білім алушылар арасында өткен инстиутаралық спартакиада кезінде 300-ге жуық білім алушы бақ сынады. Қатысушылар үстел теннисі, шахмат, волейбол, тоғызқұмалақ, баскетбол, футбол, жүзу, арқан тарту ойындарынан сыңға түсті.

Білім алушылардың республикалық форум мен кездесулерде тәжірибе алмасуы да жолға қойылған. Алматы қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы ІІІ студенттік кенеске университеттің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы мен оның орынбасарының қатысуы – бұған жарқын дәлел.

«TalkLike» жастар ұйымы өткізген «Кітап – жан азығы» атты қалалық байқау жаһандану заманындағы жастардың кітап оқуға ынтасын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Өтімді әзілімен көрерменнің ыстық қошеметіне бөленген «Q құрамасы» «Маусымашар-2024» республикалық фестиваліне қатысып, «Ұлттық лига» байқауына жолдама алды. Сәтті «Маусымашар» жайдарман фестивалі «Қорқыт жастары» жайдарманшылар ұйымының үлесінде.

Биыл ел аумағында болған апаттық жағдайда университет қызметкерлері мен белсенділері ауыз-біршілігін көрсетті. Гуманитарлық көмек көрсету бойынша жинақ пунктін жұмыс істеп, университет атынан азық-түліктер, қажетті гигиеналық заттар жиналды. Оқу орнының 848 қызметкерінен 2866 000 теңге көлемінде қаржылай көмек жиналды. Оның 1 419 305 теңгесі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне, 1 418 810 теңгесі «Демеу» қорына аударылды. Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларымыз, бұған қоса, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек беру мақсатында Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығында ашылған қабылдау пунктінде азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық тауарлар мен гигиеналық заттар жіберіп қана қоймай, қаржылай да көмектесті.

Ел ертені – жастар десек, олардың өсуіне жағдай жасау арқылы болашаққа бәсекеге қабілетті және инновациялық әлеуеті жоғары мамандар қалыптасады. Осы орайда білім ордасының ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызының қолдауымен айқын мақсаттар жүзеге асады. Қорқыт ата университеті студент-жастардың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, қоғамның өркендетуіне дамуына өзінің зор үлесін қосып келеді.

«Егер сен не қалайтыныңды білсең, нәтижесінде өзін қалайтын нәрсеге тап боласын» демекші, жарқын болашаққа қадам басқан жастарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде мүмкіндік мол. Тек жігерлі жастардың жалыны болса болғаны.

Жанар БИМУРАТҚЫЗЫ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімінің басшысы

ЖҰМЫСЫ ЖЕДЕЛ ДИСПЕТЧЕР

Өртке қарсы қызмет барысында диспетчер маңызды рөл атқарары сөзсіз. Түскен хабарламаны таратушы болғандықтан адам өмірін құтқарудағы алғашқы қадамды жасайтын да осы сала қызметкері. Күштер мен құралдарды жедел басқару орталығының тәжірибелі диспетчері Шолпан Махатова осы салада 7 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп келе жатыр.

Өр істің өз ерекшелігі мен қиындығы болары анық. Бала күнінде арнайы

формамен киінген адамдар мені қызықтыратын. Өйткені олардан Отанға деген махаббат, жауапкершілік пен тұрақтылық сезілетін. Өртке қарсы қызметтегі диспетчердің жұмысы бір қарағанда бір сарынды, арнайы дағдыларды қажет етпейтіндей болып көрінеді. Негізінде үлкен жауапкершілікті талап ететін күрделі әрі ауыр қызмет. Адамдардың тағдыры мен өрттің нәтижесі біздің жеделдігіміз бен қырағалығымызға байланысты. Тәулік бойы қызмет етеміз. Көбіне өртке байланысты шақыртулар түседі, – деді өл.

Диспетчерлер өрт, авариялық-құтқару, дүлей зілзалалар туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады. Олар шұғыл түрде жағдайды хабарлаумен қатар, қаладағы әр өрт сөндіру бөлімдерінің шығу ауданын мүлтіксіз біліп, аудандарға да бақылау жасай алуы қажет. Көмек керек болған кезде шақырту орнына бөлімдердің күштері мен құралдарын жібереді, содан кейін барлық жағдайды радиоарнасы жолымен бақылайды екен. Қоңырау шалушы адам сабыр сақтап, анық сөйлеуі тиіс. Ал оқиға болған орынды анықтау үшін диспетчер сұрақтар қояды. Мұндайда көмекке жүгінушінің нақты ақпаратты бере алмайтыны ең қиын мәселе көрінеді. Диспетчердің міндеті – өрт сөндіруші-құтқарушыларды төтенше жағдай орнына жедел жіберу.

2017 жылы өрт сөндіру қызметінде еңбек жолын бастаған Шолпанның отағасы да бұл қызметтен алыс емес. Әріптесі әрі жолдасы Алматы Икмат – №4 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы. Отыз жасында 3 бала тәрбиелеп отырған ерлі-зайыпты өрт сөндіру қызметкерлері болашақта балаларының таңдауы осы мамандыққа түссе, арманна балта шаппайтынын, жүрегінің қалауын орындауға қолдау білдіретінін айтады. Сонымен қатар Шолпан Бақытжанқызының қайын атасы да өрт сөндіру қызметіне еңбегі сіңген, талай жанның өмірін құтқарған құрметті

зейнеткер екен. Ұрпақтар сабақтастығы болған бұл қызмет отбасындағы қарым-қатынасты одан сайын да нығайта түсері сөзсіз. Себебі бұл үйде де, қызметте де бір-бірін түсінуге ықпалын, тепе-теңдікті ұстап тұруға септігін тигізетін көрінеді.

Шолпан Махатова көп балалы отбасында тәрбиеленген. 1992 жылы Қызылорда облысының Жанакорған ауданында дүниеге келген. Өзі де халық санын көбейтіп, нар тұлғалы азаматтарды тәрбиелеуді армандайды. Бала күнінен форма киюді армандаған кейіпкеріміздің арманы өрт сөндірушілер отбасына келін болып түскен соң орындалған. Байқаудан және тағалымдамадан өтіп, жұмысқа қабылданған Шолпан, бірінші ауысымын кеше болғандай әлі есіне алады. Ішінде бір үміт, бір күдік болған жас диспетчер уақыт өте келе бұл қызмет жан қалауы екенін, дәл осы жерде адамдарға пайдалы болатынын түсінген.

Жастайынан өнерге құмар Шолпан Бақытжанқызы шеберлік пен әдемілікті үйіестіре біледі. Бос уақытында гипспен бұйымдар жасап, түрлі сәнді қобдиша, құтыларды әзірлеп, жинақтайды. Сонымен қатар кейіпкеріміз 2018 жылдан бері Қызылорда облысы ТЖД «Сыр лебізі» ансамблінің солисі.



Өртке қарсы қызмет диспетчері болу – жұмысқа деген жауапкершілік пен адамдарға деген жанашырлық. Артық эмоцияға жол жоқ. Ең басты міндеті – адамдарға көмектесу. Ол – үлгілі келін, сүйікті жар, аяулы ана. Ерге тән жүкті арқалаған, жауапкершілігі мол саланың бетке ұстар диспетчеріне абырой-тілейміз!

Марина САФИДАТБЕК,

Облыстық «Төтенше жағдайлар департаменті» өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» РММ, Қоғаммен байланыс тобының баспасөз-хатшысы



Бүгінде тренд термині кез-келгенге таныс ұғым. Соның ішінде YouTube қосымшасындағы музыкалық тренд – көпшілік назарын аударған үздік әндер мен бейнеклиптер тізімі.

Әнді де, мәтінді де қажет болса жасанды интеллект көмегімен де жазып алуға болатын қазіргі уақытта әлдекімі талантыңмен таңдандыру мүмкін емес. Әрине, талғамға талас жоқ. Десе де жүрексіз жүйеден шыққан туынды тыңдаған жанның сезім түйсігіне әсер етуі екіталай. Себебі жүректен шыққан дүние ғана тыңдарманның жүрегіне жол табатыны ақиқат.

ТРЕНДТЕГІ ТУЫНДЫЛАР

Туындысы YouTube қосымшасының ТОП-30 қатарынан көрінген әншіні «танымал» деуге толық негіз бар. Себебі көпшіліктің көзіне түсіп, көңілінен шығу – талайдың уысына түсе бермейтін жұлдызды сәт.

Қосымшадағы арнайы жүйе бейнероликтің жарияланған уақыты мен қаралым нәтижесін салыстырмалы түрде есептей отырып, сәйкесінше көпшіліктің назары ауған дүниені алдыңғы қатардан көрсетеді. Ендеше бүгінгі қазақ қоғамының құлағынан кіріп, бойын алған әсем әндерге шолу жасайық.

Тамыз айындағы үздіктер қатарын Садрадиннің «Жауап бар ма?» әні бастап тұр. Бір айдың ішінде 22 миллионнан аса қаралым жинаған туынды жас талғамай, таңдарман қауымның жүрегіне жол тартты. Бұл жолы хит әннің сазын да, сөзін де әншінің өзі жазған көрінеді.

Келесі орынға Айдос Нұрмұхамедовтың «Ұмыттың ба?» атты туындысы жайғасқан. Бір айдың көлемінде 7 миллионнан аса қаралым жинаған ән жастардың арасында жиі тыңдалып жүр. Акиммиш лақап атымен танылған жас әнші бұған дейін «Хаттарым» әнімен көзге түскен болатын. Бес ай бұрын жарыққа шыққан туындының қазіргі таңдағы қаралым саны 11 миллионға жуықтаған.

Ал Әбдіжаппар Әлқожаның «Ұмыт деме» атты әні бір айдың ішінде 2,2 миллионға жуық қаралым жинап үлгерсе, дәл осы әнмен қатар жарыққа шыққан Еркеш Хасеннің «Бір қыз бар» атты туындысы 1,6 миллион қаралым жинап, соңғы айдағы үздік әндердің тізімінен табылды.

Ендігі кезекте екі айлық нәтижелерге назар аударсақ. Қазақстанда ғана емес, ТМД құрамындағы мемлекеттерге де кеңінен танымал ИК тобының «Айдаһар» атты әніне түсірген бейнеклипі екі айдың көлемінде 60 миллионға жуық қаралым жинап, рекордтық көреткіш орнатты.

Аталған топтың бұған дейін де жарыққа шығарған көңілді ырғақтағы әндері миллиондаған қаралым, миллиардтаған тыңдалымға ие болып келеді. Бейнеклиптерінің басым көпшілігі жарнамаға құралса да бүгіндері оларды басып озатын басқа ешкім табылмай отыр.



АЛТЫН АДАМ

Сарбазым түр бес қаруын асынған,
Жеткен бізге сонау алтын ғасырдан.
Қамал еді ішке бүгіп айтарын,
Құпиясын жер астына жасырған.

Көз жіберіп өткеніне сақтардың,
Терендегі тарихыңды ақтардым.
Қазыналы қойнауынан Қорғанның,
Баға жетпес құнды мұра тапқанмын.

Жәдігерім – жұмбақ сыры ашылған,
Түбін түркі – таңбаң тасқа басылған.
Ескі Есік қорымынан табылған,
Алтын адам – қазақ даңқын асырған!

Жауынгерім – қалған екен Сақтардан,
Алтынданған сауыт киіп баптанған.
Күн астында тұлпарымен қанатты,
Алтын адам болашаққа аттанған.

Шұғылалы тәуелсіз ел нұр таңы,
Қыран құсым көкке биік шырқалды.
Ұлан-байтақ ұлы дала ұрпағы,
Бұл – сақтардың батыр туған сұлтаны!

АЙША БИБІ – МАХАББАТТЫҢ КҮМБЕЗІ

Өткенінді еске салып кешегі,
Жылжып жылдар, уақыт-керуен көшеді.
Махаббаттың мәңгілік бұл дастаны,
Аңыз болып бізге жеткен деседі.

Қараханның сүйегіне салдырған,
Біледі ел ескерткішін қалдырған.
Айшықталған ақмаңдайлы күмбез тұр,
Жамбыл барсаң, көрген жанды таң қылған.

Ғашық жайлы өмірбаян бұл-дағы,
Азап шеккен ғашық жанның мұң-зары.
Айша бибі – махаббаттың жолында,
Болған екен құрбаны.

Айша Бибі – махаббатың мазары,
Сыр тарихын таспен қашап жазды.
Заманамен бірге жасап келеді,
Қайталанбас ғасырдың сол ғажабы!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА

КҮЗ

Күз де келіп қалыпты-ау біздің жаққа,
Уақыт жүйрік тартпайды тізгінді артқа.
Азабы мен ғажабы таусылмайтын,
Қыз жұмбақ па, осынау күз жұмбақ па?!

Қоңыр мінез, қоңыр күз, қоңыр салқын,
Өзгермейтін ол менің өмір салтым.
Жаншуағын сыйлайтын жан бар ма екен,
Күншуақты болғанмен көңіл салқын!


Аз болса да қалтамда қаражатым,
(Қазір маған ауылдан қала жақын.)
Ала жаздың арқалап аманатын,
Құстар, құстар ән салып бара жатыр!

Ара-тұра ауылды аңсап та алам,
(Жан сақтаудан қиын ғой ар сақтаған.)
Кім жалғайды үзілген үміттерді,
Арамызды кім қосар алшақтаған.

Көмейіне шөмен боп шері қатқан,
Мен бір бейбақ ақынмын соры батпан!
Жапырақтай сарғайып жатыр, әне
Сағынышқа, сезімге толы хаттар...

Неге сонша сүйемін сүмбілені,
Жан дүнием несіне дүрлігеді.
Күз де мені сарғайып күтер, бәлкім
Солай шығар білмеймін, кім біледі?!

Бергенбек АЗАТБЕКҰЛЫ



Аружан ОРАЛБАЙ



АНТИНОМИЯ

Жазғыра алмас жүрегім кеткен
«досты»
Тек аяймын – жанарың төккен жасты.
Бұл қалада бәрі бар –
Тек сен жоқсың...
Тек сен жоқсың...
Құдай-ау, неткен жақсы!..

Сезім бұлқып, ой қалқып алып-ұшқан,
Сағыныштың сен жайлы – бәрі
дұшпан!
Көшелерде кептелген көліктердей,
Санам іші – сан күдік сабылысқан...

Бүгін де ұзақ бой жазып жүргім келді,
Еске алармыз ертең-ақ бұл күндерді.
Аңсадың не, шаршадың қызықтырмас,
Ақтөбеге бәрібір!
Білдің бе енді?!

«Жокка» сіңіп, жұтылған хабарымдай,
Сағыныштың сап-салқын самалындай,
Үмітінді үгітіп, үркітетін –
Ойладың ба қатал деп қала мұндай?!

Ойламадың...
Ой қамал(ы) дерттен жаман:
Оралуға болмас па өткенге адам?
Бұл қалада бәрі бар –
Тек сен жоқсың...
Тек сен жоқсың...
Құдай-ау, неткен жаман!.

Дәурен ПЛЕУХАН

Жазмыштан, жалғыздықтан, жалқыдан
Көше кезіп, бордай тозып бәлен жыл.
Жүрегіңнен Құдай иісі аңқыған.
Ақындары ішіп кеткен әлем бұл.

Шұрқыраған құлындары өлеңнің.
Бұрқыраған шылымдары шоктанып.
Ей қара, өлең, сен қай жылы көнердің...
Қара басып, қайда кетті Ботпанов ?

Жалғыз өлең, жалғыз ауыз жылы сөз,
Жүрегіңді жарып шықса қайырлы.
Жалғыздықтың жанайқайы – ұлы сөз.
Тәңіріңді танып шықса қайырлы.

Ақын кеуде жанартауы өмірдің,
Жанып-сөніп, талай өлең көз ілді.
Ит көңілім, неге сонша көп үрдің?
Өлмейтіндей сезесің бе өзінді?



Бір жалғыздық бар ақынның

наласы.

Тұл тірлікті құлдай болып кешкім жоқ.
«Барлық ақын бір ананың баласы»
Әкемізді танытатын ешкім жоқ...

Ақжол ТҮМЕНБАЙ

ТЫҒЫЛМАҚ

Ұстап тұра алмайсың ғұмырды әттен,
Ол кездері өтетін күн ырғақпен.
Көріші үйдің ұл-қызы бізге келіп,
Күн батырып қайтатын

«Тығылмақпен»



Кезек енді менімен кетті ұласып,
Бір, екі, үш деп санадым бетті басып.
Қуыс-қолтық іздеп жүр, тығылуға,
Екі аяғың достарым епті басып.

Көзімді аштым, іздеуге кірістім де,
Таба алмадым, тарылды тыныс мүлде.
Таппай келем достарды содан бері,
Ой үстінде жүремін, мұң үстінде.

Айналып кетті арнамым алдамшыға,
Іздегені келмеді «барлаушыға».
«Тығылмақпен» жоғалған балалармен,
Балалығым тығылып қалды-ау, сірә.

Содан бері, жаным бір жылымады,
Жоқ іздеген бейбақты кім ұғады?
Көңілдің көктемі де қалды сонда,
Үнемі көкейге ой тығылады.

Қол сілтегім келеді деп құрысын,
Көп нәрседен құр қалып кетті уысым.
Жасырынар жер таппай қалғаны ма,
Көр ішіне тығылды көп туысым.

Шырылдайтын жабырқау жүрегім-ай,
Тығылмайтын достардың керегін-ай.
Тығылмақ ойнап жүр ме, әлде бізбен?
Тығылып көрінбейді неге Құдай?

Үмітімді үзгенмін келмес күннен,
Ғажайыпқа ендігі сенбеспін мен.
Тығылып түн ішінде өлең жазам,
Тығылмақ ойнамаймын енді ешкіммен.

Үрейленем көз жұмып қала берсем,
Арман жоқ, жарық Күнге қарап өлсем.
Тығылып бір бұрышта жылап алам,
Тығылмақ ойнап жүрген бала көрсем.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН



◆ 13 тамыз – Халықаралық солақайлар күні



СОЛАҚАЙ БОЛУ – СЫН ЕМЕС

1984 жылдан бері ЮНЕСКО ұйымы солақайлар күнін атап өту туралы шешім шығарды. Бұған дейін бұл күн бейресми аталып өтсе керек. Бірақ ұйымның шешімінен соң халықаралық дәрежеде танымал бола бастады. Максаты – солақайлардың қабілетіне нұқсан келтірмеу, оларға өздері бейім қолмен еш қысымсыз өмір сүру құқығын беру болды. Мақаламызда солақайлар туралы қызықты деректерге шолу жасадық.

Тас дәуірінде солақай адамдар 50%-ды құраса, қола дәуірінде шамамен 25% болды. Ал бүгінде әлем халқының тек 10-12%-ы ғана сол қолымен әрекет етуге бейім. Зерттеулерге сәйкес, олар көбіне миының оң жақ жарты шарын белсенді қолданады. Өзімізге белгілі, оң жақ жарты шар жадыға, түйсік пен шығармашылыққа жауап береді. Солақайлардың көбі геометрия, сәулестік өнерін меңгеріп, математиканы шеміскейі шағады. Спорттың теннис, бейсбол және бокс түрлерінде жоғары нәтиже көрсетеді. Себебі күтпеген әдіс жасап, қарсыласын абырбаты мүмкін. Олардың стиліне дағдылану қиын.

Әлемде тарихи тұлғалардың бірқатары солақай болған. Олардың қатарында Альберт Эйнштейн, Леонардо да Винчи, Александр Македонский, Юлий Цезарь, Сергей Рахманинов, Наполеон Бонапарт та бар. Еліміздің кейбір танымал тұлғалары да солақай. Олар – композитор Нұрғиса Тілендиев, спортшы Серік Сапиев, қылқаламшы Гүлфайруз Исмаилова және өзгелер.

Өткен ғасырда ғалымдар солақайлық генетикаға арқылы беріледі деген тұжырымға келген. Яғни, бұл – атадан балаға берілетін құбылыс. Нәрестенің ата-анасы оң қолмен жұмыс істеуге бейім болса, баланың солақай болып туылу мүмкіндігі тек 5%-ға тең. Бала ананың жатырында болған кезден-ақ солақай болып қалыптасады екен.

Бұрын ересектер балаларының солақай екенін байқағанда, оны оң қолымен жазуға үйреткен. Себебі сол қолмен жұмыс істеу қолайсыз деп ойлаған.

– Сол қолмен жұмыс істеуге бейім болудың оң қолдан айтарлықтай


айырмашылығы жоқ. Бірақ жайсыздықтар жетіп артылады. Көптеген тұрмыстық дүние онақайлардың ыңғайына қарай жасалған. Сондай-ақ солақайлардың жазуы нашар, қолың көк сия болып қолайсыздық тудырады. Мектеп кезінде парталасыма ыңғайсыз болатын. Тіпті сағат тағудың өзі бір қиындық тудырады. Солақайлар сирек кездесетін болғандықтан таңғалатындар көп, – дейді Данияр Серікұлы.

Ашық деректердегі кейінгі мәліметтерге сүйенетін болсақ, солақай әйел адамға қарағанда ер адам көп. Сондай-ақ солақай деп тек адамды ғана емес, жануарды да атауға болады. Олар да сол жақ аяқ-қолдарына басымдық беріп, тіршілік етеді.

Солақайлар ұзақ уақыттар бойы өз болмысын онақайлардың заманында жасырып келді десек болады. Жай ғана солақай болғандары үшін олар да белгілі бір қысымға ұшырап, оң қолмен тіршілік етуге бейімделді. Африка тайпаларында адамның солақай екені анықталса, оған тамақ дайындауға рұқсат бермеген. Ал жапон елінде ер адам әйелінің жетекші қолы сол екенін анықтаса, ажырасып кетуі мүмкін болған. Бірақ солақай болу кемшілік емес. Қай заманда болсын солақайлықты дұрыс емес көру – қисынсыз. Тіпті олар қабылеті бойынша артықшылыққа ие десек болады.

Қызықты дерек. Ғаламда оң және сол қолын бір уақытта қолдана алатын да адамдар бар. Оларды «амбидекстр» деп атайды. Мұндай өте сирек кездесетін дарын өкілдері әлемнің 1 пайызын ғана құрайды.

Н.НУРЛЫБЕКҚЫЗЫ



Блогер – заманауи ақпарат кеңістігінде жарқырап көрінетін жарық «жұлдыз». Олар әлеуметтік желі арқылы қоғамға ой салып, пікір қалыптастырады, сананың тереңіне үңіліп, қоршаған әлемді жаңа қырынан көруге мүмкіндік береді. Әрбір жазылған мәтін мен түсірілген бейне, бөліскен суреттері де креативке толы.

ADIKUS: БЛОГЕРДІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

«Мұнша адам келеді деп ойламадық»

Әр адамның өмірінде естен кетпес, жүрегіне жылу сыйлайтын оқиғасы болады. Әділеттен блогерлік өміріндегі есте қалған қызықты оқиға туралы айтып беруді сұрадық.

– Әрине, есте қалған сәттер өте көп. Солардың бірі – қызылордалық оқырмандармен кездесу еді. Онда 50-60 адам көлемінде ғана адам келеді деп ойладық, бірақ жалпы есеппен 100 адамға дайындалып, сыйлықтарымызды әзерлеген едік. Нәтижесінде мыңнан аса адам жиналды. Елестетініміз... Шок күйде болдық шынымен.

Ал алдағы уақытқа жаңа жоба әзірлеп жатырмыз. Сондай-ақ өзгеше стильдегі видеолар түсіреміз, – деп жауап берді ол.

Блогерлікпен қатар Avedikus кәсіп жолындағы алғашқы бастамасын қолға алды. Оның айтуынша, анасы мен келіншегіне ашып берген «Avebobe» онлайн дүкенінің тұтынушылары көп. Бұл дүкенде 6 жасқа дейінгі балаларға арналған сапалы киімдер сатылады. Болашақта дүкен ретінде ашылулары да мүмкін екенін айтты.

Құрметті оқырман, «Ақмешіт жастары» газетінде жастар мәселесін көтерумен қатар, сіздерге пайдалы һәм мотивация беретін сұхбаттар әзірлеуге тырысамыз. Сол үшін бүгінгі кейіпкерімізден жастарға қандай кеңес беретінін сұрадық.

– Ең басты айтарым, 18 жаста бір іспен ғана шектелуге болмайды. Өзіміз де «25 жаста ақыл тоқтатамыз» деп айтамыз ғой. Сол үшін 25 жасқа дейін түрлі салада еңбек етіп, өзіңіздің мықты тұсыңызды анықтау қажет. Ересек жасқа келгенде сіз өзіңізге не қажет, қай бағытта жұмыс істеуіңіз керек екенін білесіз. Сұрағыңызға нақты жауап тапқан соң, сол салада еңбек етіп, білікті маман, жетістікке жететін, орны қалыптасқан тұлға боласыз, – деді Әділет Әшірбек.

Расымен, жастық шақ – бұл ізденіс пен өсу кезеңі, ал осы уақытты тиімді пайдалану болашақтағы кәсіби жолды айқындайды.

Инжу МАРЖАН



«QYZYLORDA URBAN FEST»: БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Халықаралық жастар күні – өскелең ұрпақтың рухын көтеріп, оларды жаңа белеске жетелейтін ерекше мереке. Жастар – өзгерістердің бастауы һәм болашақтың шамшырағы.

Мереке қарсаңында республика көлемінде арнайы бекітілген онкүндікті қала жастары «QyzylordaUrbanFest» фестивалімен қорытындылады. Бұл жиын аясында ұйымдастырылған іс-шаралар жастардың белсенділігі мен спортқа деген қызығушылығын көрсетуге бағытталған. Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың қатысуымен өткен Ғани Мұратбаев ескерткішіне тағзым гүлін қою рәсімі жастардың тарихи тұлғаларға

деген құрметін білдірсе, «BookCrossing» акциясы кітап сүйер қауымға ерекше мүмкіндік ұсынды. Сонымен қатар «Шыңды бағындыр» турникке тартылу сайысы, «Силомер» аппараты арқылы күш сынасу, «Қызылорда – жастар қаласы» фоторепортажы және «Street-dance» заманауи би сайысы жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Ал кешкілік уақытта өткен «Qosylacoustic» жанды дауыстағы ән орындау кеші ерекше сезім сыйлады.

Фестивальдің ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Дархан Есалыұлы қала жастарын мерекемен құттықтады. Өз сөзінде Мемлекет басшысы, Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің бастамасымен Қызылорда қаласында жастардың игілігі үшін атқарылып жатқан маңызды жұмыстарға

назар аударды. Ол қаланың дамуы мен өркендеуіне бағытталған жобалар мен бастамалардың ел болашағы – жастардың әлеуетін арттыруға, олардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін атап өтті.

– Тәуелсіздікті тұғырлы ету, қаламыздың өсіп-өркендеуіне үлесін қосу, ынтымағын нығайту жолында үлгі болу – жастар болмысына тән жарасымды қасиет. Себебі жалынды жастар – ұлт үмітін арқаулаған ел ертені. Үміт пен сенімді ақтау жас буынның қасиетті парызы. Қай заманда, қай елде болмасын, жастар асқақ арман мен үміттің, биік ар мен өр намыстың символы болған. Ойткені, жастар – жердің, елдің несі. Сол себепті сіздерге сеніммен қараймыз! – деді ол.

Сондай-ақ «Самғау» жастар сыйлығы» байқауының жеңімпаздары Нұрқиса Назар, Ғани Тобабағұлов, Ернияз Камалбек



пен Ақылбек Әзиге 150 мың теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталды. Аймағымыздағы волонтерлық бастаманың жарқын көрінісі ретінде оқушылардың жеке бастамасымен құрылған «Тазалық патрулінің» мүшелеріне планшеттер берілді. Ал мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға, қала жастарына қалтқысыз қызмет етуге қосқан үлесі үшін әріптестеріміз, республикалық «Ақмешіт

жастары» газетінің тілшісі Әлия Тәжібай, «Qyzylorda» телеарнасының тілшісі Гүлфайруз Пірмағамбетова мен «Қоғам ТВ» телеарнасының операторы Нұрдаулет Шадымұрат қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Әріптестеріміз бен Сыр жастарын мерекемен құттықтаймыз!

«АЖ» ақпарат